

## Байзақ ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 қазандағы № 393 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 қазанда № 4758 болып тіркелді

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 27-бабына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 мамырда № 11148 болып тіркелді) 102-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Байзақ ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Байзақ ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамаларда белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қайрат Әбілханұлы Исмаилға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді.

*Байзақ ауданы әкімі*

*Н. Нуржигитов*

Байзақ ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 7 қазандағы  
№ 393 қаулысына қосымша

## Байзақ ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

№	Ауылдық округ атауы	Ауыл атауы	Орналасуы	Алатын алаңы ( шаршы метр)	Бағыт схемасы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	Жақын маңдағы инфрақұрылымды есепке ала отырып қызмет саласы
1	Бәйтерек	Сарыкемер	Қеңесхан Орынқұлов көшесі №19 г "Фиркан" супермаркетінің алды	500 м2	"Фиркан" супермаркетінің алды	5 жыл	Ауыл-шаруашылық өнімдері

2	Бурыл	Бурыл	Дінмұхамед Қонаев көшесі "Дана" дүкенінің алды	15 м2	Т а р а з қаласынан келе жатқан жолдың сол жақ бетінде	5 жыл	Ауыл-шаруашылық өнімдері
3	Сарыкемер	Сарыкемер	Байзақ батыр көшесі №117	3200 м2	Базар алаңы	5 жыл	Ауыл-шаруашылық өнімдері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ